

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік
Медицина Университеті

Студенттің өзіндік жұмысы

Мамандығы: Қоғамдық денсаулық сақтау

Пән: Қазіргі Қазақстан тарихы

Кафедра: Қазақстан тарихы және қоғамдық-гуманитарлық пәндер

Курс: 1

Тобы: «103»

Тақырыбы: Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары

Орындау формасы: Презентация

Орындаған: Отарбай Гүлжаз Мұратқызы

Тексерген: Төлепбергени Жанар Төлеубайқызы

Ақтөбе қаласы, 2017 жыл



ЖОСПАР:

- I. КІРІСПЕ
- II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ
 - - ЕРЛІК САЛТАНАТЫ.
 - - ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ.
 - - ҰМЫТЫЛМАС КҮН.
 - - ЕЛІМ ДЕП ӨТТІ ЕРЛЕРІМ.
- III. ҚОРЫТЫНДЫ
- IV. ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

I. Кіріспе

ЖЕҢІС САЛТАНАТЫ. МИЛЛИОНДАРДЫ ӨМІР МЕН ҮМІТТЕН АЙЫРҒАН ОСЫ СОҒЫСТАҒЫ ЖЕҢІС САЛТАНАТЫ ОП-ОҢАЙ КЕЛГЕН ЖОҚ. ОТАН СҮЙГІШ ҰЛ — ҚЫЗДАРДЫҢ МАЙДАН МЕН ТЫЛДАҒЫ ЖАН АЯМАС ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ ЕДІ – БҰЛ. ИӘ, ОТАН ҚОРҒАУҒА ТЕК АСЫЛ ЕР – АЗАМАТТАРЫМЫЗ ҒАНА ЕМЕС, ҚОЛЫНА ҚАРУ АЛЫП, МАЙДАН ҮШІН ТАҒДЫРЫН БЕЛГЕ БУҒАН АРДАҚТЫ АПА, ӘПКЕЛЕРІМІЗ ДЕ БОЛДЫ.

АНА ЖӘНЕ СОҒЫС. БІР – БІРІНЕН ЖЕР МЕН КӨКТЕЙ АЛШАҚ ЖАТҚАН ОСЫ ЕКІ ҰҒЫМНЫҢ БІР СӘТ БАСЫН ҚОСЫП КӨРІҢІЗШІ. СІЗДІҢ КӨЗ АЛДЫҢЫЗҒА ӨРТЕГЕН ҮЙ МЕН ШЫРЫЛДАҒАН СӘБИ, ЖҮРЕКТІ ЫСҚЫЛАҒАН ҚАЙҒЫМЕН АРАЛАС ЫЗА МЕН КЕК ОТЫ ЖАНРАЫНАН ҰШҚАН АНА БЕЙНЕСІ ЕЛЕСТЕР ЕДІ. БАЛҒЫН СӘБИІНЕ КӨКІРЕГІН ТОСЫП, ЕМІРЕНЕ АЙМАЛАҒАН АНА МЕЙІРІМІН ЕЛЕСТЕТІҢІЗШІ!

Өмірбаяны



Қасым Қайсенов (23 сәуір 1918, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы — 30 желтоқсан 2006, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы) - Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар даңқты перзенті.





Қасым Қайсенов - Ұлы Отан соғысының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, жазушы-партизан, публицист, Қасым Қайсеновтің шығармашылық мұрасына арналады. Қасым Қайсенов - қазақ әдебиеті мен журналистикасының өркендеп, дамып, қанат жаюына үлкен үлес қосқан талғамы биік суреткер, көсемсөз туындыларының өзіндік келбетімен танылған бірегей қаламгер.



Халық Қаһарманы

- Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен,
- Богдан Хмельницкий орденімен және көптеген медальдармен наградталды.

Жазушы

- Жау тылындағы бала.
- Жау тылында.
- Переяслав партизандары.
- Днепрде.
- Партизан Қасым Қайсенов.
- Жас партизандар.
- Қасым Қайсенов шығармалары.
- Қаһарман Т.б.

Аудармашы

- Ол М.Муратовтың "Ломоносовтың жастық шағы", Николай Томанның "Сабылтқан сағым",
- Мамед Кулизаде Джалилдің "Почта жәшігі" кітаптарын құнарлы тілмен оқушы жүрегіне жеткізді.

Мәскеу үшін шайқаста ерлік көрсеткен қазақ батырлары:

1941 жылы Алматыда генерал И. В. Панфилов *316-атқыштар дивизиясын* жасайды. Осы дивизияны 28 панфиловшы-батырлары Мәскеу қаласын қорғауда өшпес ерлік көрсетті. Волоколамомск жолын қорғаған 28 панфиловшының 22-сі қазақстандықтар еді. Мәскеу түбіндегі шайқаста 316-атқыштар дивизиясы (кейін 9-гвардиялық атқыштар дивизиясы) командирі, Кеңес Одағының Батыры Бауржан Момышұлы болған.



Сұлтан Баймағамбетов

Сұлтан Баймағамбетов 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, сол жақтан ұрыс даласына аттанады. Өзінің табандылығы, өжеттігімен көзге түскен Сұлтан 147-атқыштар полкінде батальон комсоргі болады. 23-тегі қыршын жас 1943 жылы Ленинград майданындағы шайқаста амбразураны өз кеудесімен жауып, Отан үшін қаза тапты. Осы ерлігі үшін оған 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Султан Баймагамбетов





1924- 2013



Кеңес Одағының батыры

Майор Сағадат Нұрмағамбетовтің батальоны
рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысып,
қаһарман қазақ ұланы соғысты Берлинде аяқтады.
1945 жылы 27 ақпанда Польша жерінде жау
қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы
ержүректікпен орындап, көрсеткен ерлігі үшін
Кеңес Одағының батыры атағы берілді.



САҒАДАТ ҚОЖАХМЕТҰЛЫ НҰРМАҒАМБЕТОВ



1922- 2014



Кеңес Одағының батыры

Талғат Бигелдинов майдан алаңында «ИЛ-2» штурмовигімен 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып қатысқан. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. Ел басына күн туғанда өлшеусіз ерлік көрсеткен Талғат Бигелдиновке 23 жасында екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын берілді.



ТАЛҒАТ ЖАҚЫПБЕКҰЛЫ БИГЕЛДИНОВ



1925 - 1996



Кеңес Одағының батыры

Махмет Қайырбаевтың басшылығымен жауынгерлер жеті шабуылға тойтарыс беріп, жаудың бір батальон әскерін жойды. Кескілескен осы шайқаста ержүрек Махмет Қайырбаев бастаған жауынгерлер Шяуляй қаласына өтер жолды жапты.

Сын сағатта көрсеткен ерлігі мен тапқырлығы үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілді



МАХМЕТ ҚАЙЫРБАЕВ

1902-1945



Кеңес Одағының батыры

Сабыр Омарұлы 1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққандағы батылдығы үшін екі мәрте Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта, Кавказда ұрыс жүргізіп, Белоруссия мен Польшаны азат етуге қатысқан. Майдангердің ерен еңбегі еленіп, Кеңес Одағының батыры атағы берілді.



САБЫР ОМАРУҒЛЫ РАХИМОВ



1924 — 1988

Халық Қаһарманы



Рақымжан Қошқарбаев соғыс жылдары өз взводымен ең алдыңғы шептерде болған. Лейтенант Қошқарбаев солдаттарымен жеті сағат бойы толассыз атылған оқтың астында жау әскеріне тойтарыс береді.

Григорий Булатов деген солдатпен бірге бұйрықты орындап, Рейхстагтың фронтонына туды тігеді.

Рақымжан Қошқарбаевқа Халық Қаһарманы атағы 2001 жылы берілді.



РАҚЫМЖАН
ҚОШҚАРБАЕВ



1922 - 2008

Халық Қаһарманы



Соғыс жылдары 46-гвардиялық полктың құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанған болатын. Ел басына күн туған шақта сұрапыл соғысқа араласқан Хиуаз Доспановаға «Халық Қаһарманы» атағы берілді.



ХИУАЗ ҚАЙЫРҚЫЗЫ
ДОСПАНОВА





1922 - 1943



Кеңес Одағының батыры

Аға сержант, пулеметші Мәншүк Мәметова ұрыс алаңында үш пулеметті қатарынан қойып, жауды үш сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Соғыс жылдары көрсеткен көзсіз ерлігі үшін қаһарман қызға Кеңес Одағының батыры атағы берілді.



МӘНШҮК ЖИЕНҒАЛИҚЫЗЫ
МӘМЕТОВА

1925 - 1944



Кеңес Одағының батыры

Әлия Молдағұлова соғыс жылдары жау әскерінің отыздан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. Қазақ қызының ұрыс алаңындағы өлшеусіз ерлігі үшін 1944 жылы 4 маусымда Кеңес Одағы батыры атағы берілді.



ӘЛИЯ НҰРМУХАМБЕТҚЫЗЫ
МОЛДАҒҰЛОВА



1919-1942



Кеңес Одағының батыры

Майдан шайқасында әскери ұшқыш Нұркен Әбдірұлы жаудың 18 танкісін, 46 жүк көлігін, оның ішінде оқ-дәрі тасыған 18 керуенді, жанармай құйған үш цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, көптеген жаяу әскердің көзін жойды. Нұркен Әбдірұлы 1943 жылдың 31 наурызында Кеңес Одағының батыры атағы берілді.



**НҰРКЕН ӘБДІРҰЛЫ
ӘБДІРОВ**



1919-1945



Кеңес Одағының батыры

Біліс Нұрпейісов әуе полкі 3-Беларусь майданының құрамында болып, Неман мен Вислаға өтердегі тегеурінді шабуылдарға қатысты. Алыс қашықтыққа ұшып, әскери стратегиялық нысандарды суретке түсіріп, оларды жойғаны үшін Біліс Нұрпейісовке екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағы берілді.



БІЛІС
НҰРПЕЙІСОВ

III. Қорытынды

Қазіргі таңда біз, Тәуелсіз елдің жас өрендері үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріміз бен табыстарымыз ұшан-теңіз. Әлем жұрты мойындаған іргелі ел болдық. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасы. Біз осының бәрін қадір тұтып, қастерлеуіміз қажет.

Біз - бақытты ұрпақпыз. Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай, құрметтей білейік! Тәуелсіз Қазақстан мәңгі жасасын! Еліміз гүлдене, көркейе берсін!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-Х
- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, II том;
- “Совет Одағының қазақстандық батырлары”. “Қазақстан”баспасы. Алматы,1969
- “Қазақтар.Казахи”. Көпшілікке арналған тоғыз томдық аықтамалық. 2 – том. “Тарихи тұлғалар”
- Қазақ Совет Энциклопедиясы

Презентация бағалау критерийлері

Орындау критерийі	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,5
Презентация рәсімдеу			
Презентацияның 4 компоненті			
СӨЖ тақырыбына мақсаттың адекваттылығы			
Мазмұны			
Қорытынды/ұсыныстар			
Әдебиеттер			
Материалды игеруі және регламентті сақтау			
СӨЖ кестесіне сай тапсырылу дер кезінде тапсырылуы			
Қорытынды			

0-0,1 критерий орындалмаған

0,2-0,3 критерий ескертулермен орындалған

0,4-0,5 критерий орындалған